

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1624 және 2001 жылғы 7 маусымдағы N 767 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 35 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 7 қарашадағы N 1057 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 7 қарашадағы N 1057 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) *( 1) тармақшаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 шілдедегі N 692 Қаулысымен )*

2) "Медициналық және дәрігерлік қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 маусымдағы N 767 P010767\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 20, 258-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Медициналық және дәрігерлік қызметті лицензиялау ережесінде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Лицензияға, осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес медициналық қызметтің және/немесе белгілі бір мамандық (мамандықтар) бойынша қызметтің түрі (түрлері) көрсетілген, осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес қосымша беріледі.";

11-тармақтың 1) тармақшасы "белгіленген" деген сөздің алдынан "медициналық, дәрігерлік қызметті жүзеге асыратын объектілері көрсетілген," деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Ережеге қосымшадағы "қосымша" деген сөздің алдынан "1-" деген санмен толықтырылсын;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес көрсетілген Ережеге 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Медициналық және дәрігерлік  
қызметті лицензиялау ережесіне

2-қосымша

Сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
медициналық және дәрігерлік

қызметке арналған мемлекеттік лицензияға

N \_\_\_\_\_ ҚОСЫМША

\_\_\_\_\_ (лицензияттың толық атауы, заңдық мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ мекен-жайы бойынша орналасқан  
\_\_\_\_\_ объектісіне  
медициналық және дәрігерлік қызметтің мынадай түрлеріне берілді:

Лицензиар-орган \_\_\_\_\_  
(лицензиялау органының толық атауы)

Басшы \_\_\_\_\_  
(лицензияны берген орган басшысының Т.А.Ә.) (қолы)

Берілген уақыты 200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қаласы

Мөр орны